

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аудиторлық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 26 сәуірдегі N 388 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аудиторлық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аудиторлық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., N 2 -3, 23-құжат; N 5-6, 50-құжат; N 11-12, 187-құжат; N 17-18, 224, 225-құжаттар; N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 20, 727, 731-құжаттар; N 23, 916-құжат; 2000 ж., N 18, 336-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжаттар; N 8, 52-құжат; N 17-18, 240-құжат; N 24, 338 -құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 11, 56, 57, 66-құжаттар; N 15, 139-құжат; N 19-20, 146-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 56-құжат; N 16, 91-құжат; N 23, 142-құжат):

1) 59-баптың 1-тармағының үшінші бөлігінде "қорытындымен" деген сөз "есеппен" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 60-баптың 4-тармағының бірінші бөлігінде "байланысы жоқ кәсіпқой аудиторды" деген сөздер "байланысы жоқ аудиторлық ұйымды" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 15-16, 211-құжат; 1998 ж., N 16, 219-құжат; N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 20, 721-құжат; N 21, 774-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53, 54-құжаттар; 2002 ж., N 4, 32, 33-құжаттар; N 10, 106-құжат; N 17, 155-құжат; N 23-24, 192-құжат; 2003 ж., N 15, 137-құжат; N 18, 142-құжат; 2004 ж., N 5, 22-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139-құжат):

2 2 9 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жеке нотариустар мен аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитордың өкілеттіктерді теріс пайдалануы";

бірінші бөліктің бірінші абзацында "жекеше аудиторлардың" деген сөздер "аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитордың және аудиторлық ұйым жетекшісінің" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 16-17, 642-құжат; N 23, 929-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 23, 309-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 7-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат; N 14, 103-құжат; N 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., N 3-4, 16-құжат; N 5, 25-құжат; N 6, 42-құжат; N 16, 91-құжат; N 23, 142-құжат):

495-баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде "тәуелсіз аудитордың қорытындысын" деген сөздер "аудиторлық ұйымның аудиторлық есебін" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109, 122-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат, N 23, 139, 140-құжаттар; 2005 ж., N 5, 5-құжат):

1) 173-баптың 14-тармағы алынып тасталсын;

2) 184-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"184-бап. Аудиторлық ұйымның көрінеу дұрыс емес аудиторлық есепті жасауы

Аудиторлық ұйымның көрінеу дұрыс емес аудиторлық есепті жасауы, - аудиторлық қызметпен айналысу құқығына лицензиядан айыра отырып, аудиторлық ұйымға - айлық есептік көрсеткіштің жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

3) мынадай мазмұндағы 184-1, 184-2-баптармен толықтырылсын:

"184-1-бап. Қазақстан Республикасының Аудиторлық қызметі туралы заңдардың бұзылуы

1. Қазақстан Республикасының Аудиторлық қызметі туралы заңдарда көзделмеген қызметтің түрлерін аудитордың, аудиторлық ұйымның жүзеге асыруы, - аудиторларға айлық есептік көрсеткіштің отыздан елуге дейінгі мөлшерінде; аудиторлық ұйымдарға айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Қазақстан Республикасының Аудиторлық қызметі туралы заңда көзделген міндеттерді аудитордың және аудиторлық ұйымның сақтамауы, - аудиторларға айлық есептік көрсеткіштің отыздан елуге дейінгі мөлшерінде, аудиторлық ұйымдарға айлық есептік көрсеткіштің елуден жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы ұйымдардың аудитінің нәтижесінде айқындалған Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзушылықтары туралы қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға хабарламау және аудиттелетін қаржылық ұйымдарды хабарландырмау, оларға аудитті өткізу міндетті, - елуден жүз елу айлық есептік көрсеткіштер мөлшерінде аудиторлық ұйымдарға айыппұл салады.

4. Тиісті уәкілетті органдарға аудиторлардың аккредиттелген кәсіби ұйымдарының ақпаратты бір реттен артық уақытында бермеуі, оны беру аудиторлық қызметі туралы заңға сәйкес талап етіледі, - аудиторлардың аккредиттелген кәсіби ұйымдарына айлық есептік көрсеткіштің елуден жүз елуге дейінгі мөлшерінде ескерту немесе айыппұл салуға әкеп соғады.

184-2-бап. Аудитордың жеке мөрін пайдаланумен және сақтаумен байланысты бұзушылықтар

Аудитордың аудиторлық қызмет туралы заңда белгіленген жеке мөртабанды тиісінше сақтау және пайдалану жөніндегі талаптарды бұзуы, - аудиторға айлық есептік көрсеткіштердің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады." ;

4) 1 8 5 - б а п т а :

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"185-бап. Аудиторлық ұйымға аудиттелетін субъектінің дұрыс емес ақпаратты табыс етуі";

б і р і н ш і а б з а ц т а :

"Аудиторға (аудиторлық ұйымға) тексеріліп жатқан адамның" деген сөздер " Аудиторлық ұйымға аудиттелетін субъектінің" деген сөздермен ауыстырылсын; "барысында" деген сөзден кейін "қасақана" деген сөзбен толықтырылсын; "қорытынды" деген сөз "есеп" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 5 7 1 - б а п т а :

1-тармақта "178," деген саннан кейін "184-1, 184-2," деген сандармен толықтырылсын;

2-тармақтың 2) тармақшасында "178," деген саннан кейін "184-1, 184-2," деген сандармен толықтырылсын;

6) 636-баптың 1-тармағында:
1) тармақшада:

жиырма екінші абзацта "179" деген цифрдың алдынан "175 (екінші бөлік) (мұндай бұзушылықтарды аудиторлық ұйымдар жасаса)," деген санмен және сөздермен толықтырылсын;

жиырма үшінші абзац алынып тасталсын;
жиырма төртінші абзацта "(екінші және үшінші бөліктері)," деген сөздерден кейін "184-1 (үшінші бөлік)," деген санмен және сөздермен толықтырылсын;
отызыншы абзацта "184," деген сан алынып тасталсын;
қырық екінші абзац алынып тасталсын;
3) тармақшада:

"184," деген сан алынып тасталсын.

5. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2001 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168-құжат; 2002 ж., N 6, 73, 75-құжаттар; N 19-20, 171-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат; N 15, 133, 139-құжаттар; N 21-22, 160-құжат; N 24, 178-құжат; 2004 ж., N 5, 30-құжат; N 14, 82-құжат; N 20, 116-құжат; N 23, 140-құжат; 142-құжат; N 2, 153-құжат)

196-баптың 4-тармағының 2) тармақшасында "қорытындының" деген сөз "есептің" деген сөзбен ауыстырылсын.

6. Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 8-9, 53-құжат; N 20, 116-құжат; N 23, 140-құжат; 142-құжат):

1) 129-баптың 1-тармағының екінші бөлігінде "Аудиторды немесе" деген сөздер алынып тасталсын;

2) 138-баптың 3-тармағының 23) тармақшасында "аудиторлық ұйымдардың мамандары" деген сөздер "аудиторлық ұйымдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 140-баптың 17) тармақшасында "аудиторларды немесе" деген сөздер алынып тасталсын.

7. "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжат; N 12, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-

құжаттар; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 16, 219-құжат; N 17-18, 222, 224, 225-құжаттар; N 23, 416-құжат; N 24, 452-құжат; 1999 ж., N 20, 721, 727-құжаттар; N 21, 787-құжат; N 22, 791-құжат; N 23, 931-құжат; N 24, 1066-құжат; 2000 ж., N 10, 248-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52, 54-құжаттар; N 13-14, 173, 176-құжаттар; N 23, 321-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 15, 151-құжат; N 19-20, 165-құжат; 2003 ж., N 1-2, 2-құжат; N 4, 25-құжат; N 6, 34-құжат; N 10, 50, 51-құжат; 11, 69-құжат; N 14, 107-құжат; N 15, 124, 128, 139-құжаттар; 2004 ж., N 2, 9-құжат; N 5, 27-құжат; N 10, 54-құжат; N 14, 82-құжат; N 15, 86-құжат; N 16, 91-құжат; N 17, 98 - құжат) :

1) 6-баптың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Заңның 11-бабының 1), 3)-5) тармақшаларында көзделген қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиялардың нысандарын қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган, ал осы Заңның 11-бабының 2) тармақшасында көзделген қызметті жүзеге асыруға арналған аудиторлық қызметті реттеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.";

2) 11 - бапта :

1) тармақшада "банк қызметіне аудит" деген сөздер алынып тасталсын;

2-1) тармақша алынып тасталсын;

3) тармақшада ", сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының аудиті" деген сөздер алынып тасталсын.

8. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 15, 281-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 5, 58-құжат; N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 9, 86-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 5, 31-құжат; N 10, 51-құжат; N 11, 56, 67-құжат; N 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., N 11-12, 66-құжат; N 15, 86-құжат; N 16, 91-құжат):

1) 6-баптың 1-тармағында :

б) тармақшасы алынып тасталсын;

в) тармақшасында "не банк қызметіне аудит жүргізетіндей" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

2) 11-1-баптың 3-тармағының 5) тармақшасында "қорытындысы" деген сөз " аудиторлық есеп" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 19 - бапта :

"(аудитордың)" деген сөз алынып тасталсын;

3 - тармақта :

б) тармақшасында "қаржы жағдайының" деген сөздер "қаржылық есептіліктің және басқа да ақпараттың" деген сөздермен ауыстырылсын;

г) тармақшасының үшінші абзацында "қаржы жағдайы туралы" деген сөздер "қаржылық есептілік туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 - т а р м а қ т а :

"банк қызметінің" деген сөздер "банктердің" деген сөздерге ауыстырылсын;

"уәкілетті органның" деген сөздер "бухгалтерлік есеп және аудит жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 21-баптың 2-тармағының б) тармақшасында "(аудитор)" деген сөз алынып т а с т а л с ы н ;

5) 54-1-баптың екінші абзацында "аудитор куәландырмаған" деген сөздер "аудиторлық ұйым куәландырмаған" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) 5 5 - б а п т а :

б і р і н ш і а б з а ц т а :

"(аудитор)" деген сөз алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Банктер осы Заңның 19-бабы 4-тармағының талаптарына сәйкес аудиторлық ұйым ондағы берілген мәліметтерді растағаннан кейін уәкілетті орган белгілеген нысандар мен мерзімдер бойынша пруденциалдық нормативтердің орындалуы туралы есептер мен активтер мен шарттық міндеттердің сыныптамасы туралы мәліметтерді (провизияны калыптастыру) жариялайды."

7) 5 7 - б а п т а :

"(аудитордың)", "(аудитор)" деген сөздер алынып тасталсын;

1 - т а р м а қ т а :

"Бухгалтерлік есепті және есеп беруді, бастапқы құжаттарды және банк қызметі туралы басқа да ақпарат" деген сөздер алынып тасталсын;

2 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Банктің қаржылық есептілігінің және басқа да ақпаратының аудиторлық есебі коммерциялық құпия болмайды. Басқа да ақпараттың аудиті банктің активтер мен шарттық міндеттемелердің (провизиялар мен пруденциалдық нормативтерді калыптастыруда) сыныптамасы бойынша уәкілетті органның талаптарын орындауын т е к с е р у д і қ а м т и д ы .

Ілеспе қызметтер жүргізуге арналған шарт уәкілетті орган белгілеген талаптарға с ә й к е с к е л у і т и і с . " ;

5. Аудиторлық ұйым уәкілетті органға оның талабы бойынша аудиторлық есептің көшірмесін беруге міндеті." ;

6-тармақта "аудиторлық ұйымның жүргізілген аудит туралы есебінде" деген сөздер "аудиторлық есепте" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 58-бап алынып тасталсын;

9) 59-бап алынып тасталсын.

9. "Өндірістік кооператив туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 5 қазандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 20, 119-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 274-құжат; 1997 ж., N 12, 183-құжат; N 13-14, 205-құжат; 2001 ж., N 17-18, 242-құжат; 2003 ж., N 24, 178-құжат; 2004 ж., N 5, 30-құжат):

1) 7-баптың 6-тармағының үшінші абзацында "қорытындымен" деген сөз "есеппен" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 17-1-бапта:

1-тармақта "байланысы жоқ аудиторды" деген сөздер "байланысы жоқ аудиторлық ұйымды" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта "немесе өзге" деген сөздер алынып тасталсын;

3-тармақтың екінші сөйлемінде "аудитордың" деген сөз "аудиторлық ұйымның" деген сөздермен ауыстырылсын.

10. "Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 171-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 205-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2001 ж., N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 12, 116-құжат; 2003 ж., N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 11-12, 66-құжат):

8-баптың 3-тармағында "тәуелсіз аудиторларды немесе" деген сөздер алынып тасталсын.

11. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 186-құжат; 1998 ж., N 24, 437-құжат; 1999 ж., N 8, 237-құжат; N 23, 925-құжат; 2001 ж., N 17-18, 245-құжат; N 20, 257-құжат; 2002 ж., N 1, 1-құжат; 2002 ж., N 1, 1, 7-құжат; N 23-24, 198-құжат; 2003 ж., N 1-2, 9-құжат; N 11, 56-құжат; N 15, 139-құжат; N 21-22, 160-құжат; 2004 ж., N 11-12, 66-құжат; N 23, 140-құжат; 142-құжат):

1) 49-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"49-1-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорларының аудиті

1. Жинақтаушы зейнетақы қорларының аудитін Қазақстан Республикасының Аудит қызметі туралы заңнамасына сәйкес аудит жүргізуге құқықтық аудиторлық ұйым жүргізеді.

2. Жинақтаушы зейнетақы қорының қаржылық есептілігінің және басқа да ақпаратының аудиторлық есебі коммерциялық құпия болмайды.

3. Басқа да ақпараттың аудиті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы жинақталымы мен төлемдерді жеке есепке алу бойынша уәкілетті органның

пруденциалдық нормативтері мен талаптарын орындауын тексеруді қамтиды. Жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы активтерін дербес инвестициялық басқаруды жүзеге асырған жағдайда басқа да ақпараттың аудиті сондай-ақ зейнетақы активтерін инвестициялау және бағалау жөніндегі талаптардың орындалуын тексеруді қамтиды.

Ілеспе қызметтер жүргізуге арналған шарт уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес келуі тиіс."

2) мынадай редакциядағы 59-1-баппен толықтырылсын:

"59-1-бап. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның аудиті

1. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның аудитін аудиторлық қызмет туралы заңға сәйкес аудит жүргізуге құқықтық өкілеті бар аудиторлық ұйым жүргізеді.

2. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның қаржылық есептілігінің және басқа да ақпаратының аудиторлық есебі коммерциялық құпия болмайды.

3. Басқа да ақпараттың аудиті зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның зейнетақы активтерін инвестициялау және бағалау бойынша уәкілетті органның пруденциалдық нормативтері мен талаптарын орындауын тексеруді қамтиды.

Ілеспе қызметтер жүргізуге арналған шарт уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес келуі тиіс."

12. "Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 20 қарашадағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 22, 309-құжат; 2000 ж., N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 5-құжат; N 8, 52-құжат; 2002 ж., N 23-24, 193-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; N 12, 86-құжат; N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 23, 138 - құжат) :

1) преамбулада "аудиторлық ұйымдар" деген сөздерден кейін "және кәсіби аудиторлық ұйымдар" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"2-бап. Аудиторлық қызмет

1. Аудиторлық қызмет дегеніміз аудитті жүргізу жөніндегі кәсіпкерлік қызмет.

2. Аудиторлық қызметте жүзеге асыруға лицензиясы бар аудиторлық ұйымдардың аудиторлық қызметпен айналысуға құқығы бар.

3. Аудиторлық ұйымда аудиторлық қызметті жүзеге асыратын аудиторлар мен аудиторлық ұйымдар аудиттан басқа, өз қызметінің бейіні бойынша мынадай қызметтерді де көрсете алады:

1) аудит стандарттарына сәйкес өз қызметінің бейіні бойынша ілеспе қызметтер: шолу, келісілген рәсімдер, компиляция, арнайы мақсаттағы аудит, перспективалық қаржылық ақпаратты тексеру;

2) бухгалтерлік есепті қалпына келтіру және оны жүргізу, қаржылық есептілікті ж а с а у ;

3) і ш к і а у д и т ;

4) салықтық жоспарлау, бюджетке түсетін міндетті төлемдердің есебі, салық д е к л а р а ц и я с ы н т о л т ы р у ;

5) ұйымның статистикалық есептілігін жасау;

6) қаржылық-шаруашылық қызметте талдау және қаржылық жоспарлау, экономикалық қаржылық және басқарушылық консультация беру;

7) бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау мәселелері бойынша, сондай-ақ салық салу мәселелері бойынша консультация беру;

8) бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау, салық салу, қаржылық-шаруашылық қызметтің аудиті мен оны талдау және қаржылық жоспарлау б о й ы н ш а ү й р е т у ;

9) бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті жасауды автоматтандыру жөнінде ұсынымдар, автоматты түрде бухгалтерлік есепті жүргізуге және қаржылық есептілікті ж а с а у ғ а ү й р е т у ;

10) бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау, аудит, қаржылық-шаруашылық қызмет пен қаржылық жоспарлауды талдау жөніндегі, өз қызметінің бейіні бойынша ілеспе қызметтерді көрсету, арнайы мақсаттағы аудит, перспективалық қаржылық ақпаратты тексеру жөнінде әдістемелік оқулықтар мен ұ с ы н ы м д а р ә з і р л е у ;

11) адвокат қызметіне байланысты емес заң қызметтерін көрсету;

12) Бухгалтерлердің халықаралық федерациясының жанындағы Халықаралық аудиторлық іс-тәжірибе жөніндегі комитеттің ұсынымдарына сәйкес жүзеге асырылатын және Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін қаржылық есептілік аудитіне ілеспе өзге де қызмет түрлері.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес осы тармақта көзделген өз қызметінің бейіні бойынша қызметтердің кейбір түрлерін көрсету тиісті лицензия алуды талап етсе, аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың осындай лицензиясыз бұл қызметтерді көрсетуге құқығы жоқ.

4. Аудиторлық ұйымда жұмыс істейтін аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарға өз қызметінің бейініне жатпайтын кәсіпкерлік қызметтің өзге түрлерімен айналысуға т ы й ы м с а л ы н а д ы . " ;

3) 3 - б а п т а :

атауында "және ұйымдардың стандарттары" деген сөздермен толықтырылсын; бесінші абзацта "құпиялық." деген сөз "құпиялық;" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

" а д а л д ы қ ;

ұйымның стандарттары мен кәсіби этиканы сақтау;

аудиттің басқа да қағидаттары Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін халықаралық аудиторлық практикаға сәйкес анықталады.";

мынадай мазмұндағы екінші бөліммен толықтырылсын:

"Осы Заң мақсатында ұйымның стандарттары деп аудитке бірыңғай талап белгіленетін аудиторлық ұйым әзірлеген ішкі құжаттар ұғынылады және аудит жүргізудің қағидаттары мен тәртібін, сондай-ақ аудиторлық қызметті ұйымдастыруды белгілейді." ;

4) мынадай мазмұндағы 3-1-баппен толықтырылсын:

"3-1-бап. Қазақстан Республикасындағы аудиттің халықаралық стандарттары

Аудитті осы Заңға және мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде жарияланған Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін аудиттің халықаралық стандарттарына (бұдан әрі - аудиттің стандарттары) сәйкес Бухгалтерлердің халықаралық федерациясының жанындағы Халықаралық аудиторлық іс-тәжірибе жөніндегі комитеттен оны ресми Қазақстан Республикасында жариялауға жазбаша рұқсаты бар ұйымдар жүзеге асырады." ;

5) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Аудит

1. Аудит бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы Қазақстан Республикасының заңдарына және (немесе) бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті жасаудың өзге де негіздеріне сәйкес осы қаржылық есептілік және басқа да ақпарат дайындалған ба, жоқ па дегенге қатысты тәуелсіз пікір білдіру мақсатында осы Заңға және аудит стандарттарына сәйкес заңды тұлғалардың (бұдан әрі - аудиттелетін субъектілер) қаржылық есептілігін және басқа да ақпаратын тексеру (бұдан әрі - аудит) болып табылады .

2. Аудит міндетті және бастамашылық болуы мүмкін.

Міндетті аудитті жүргізу Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген тәртіппен және жағдайда жүзеге асырылады (бұдан әрі - міндетті аудит).

Аудит міндетті болып табылатын және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жылдық қаржы есептілігін мерзімді баспа басылымдарында жариялайтын ұйымдар жылдық қаржы есептілігімен бірге аудиторлық есепті жариялауға міндетті.

Бастамашылық аудит аудиттелетін субъектінің не қатысушының бастамасы бойынша бастамашы мен аудиторлық ұйымның арасында аудит жүргізуге жасалған шартта көзделген нақты міндеттер, аудит мерзімі мен көлемі ескеріле отырып жүргізіледі." ;

6) мынадай мазмұндағы 1-1-тараумен толықтырылсын:

"1-1. Аудиторлық қызмет саласында мемлекеттік реттеу

4-1-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) аудиторлық қызметті мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органды анықтайды;

2) егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгелей көзделмесе, аудит міндетті болып табылатын мемлекет қатысатын ұйымның тізімін белгілейді.;

4-2-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган:

1) аудиторлық қызметті мемлекеттік реттеуді және аудиторлық ұйымдардың, кәсіби ұйымдардың қызметін бақылауды жүзеге асырады;

2) аудиторлық қызмет саласында мемлекеттік саясаттың қалыптасуын қамтамасыз етеді ;

3) міндетті аудит жүргізуге жіберілетін аудиторлық ұйымға қойылатын, ал қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша қаржы ұйымдарының міндетті аудитіне қатысты да біліктілік талаптарын бекітеді ;

4) аккредиттеу, кәсіби ұйымдардың аккредиттеуді беруден бас тарту және қайтарып алу ережесін бекітеді ;

5) кәсіби ұйымдардың аккредиттеуін жүргізеді;

6) аудиторлық қызметті лицензиялау ережесін бекітеді;

7) аудиторлық қызметті лицензиялауды және аудиторлық ұйымдардың тізілімін жүргізуді жүзеге асырады ;

8) лицензия беру, қайтарып алу, күшін тоқтата тұру және тоқтату туралы мәліметтерді мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде мерзімді баспа басылымдарында жариялайды ;

9) аудиторлық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияларды береді, тоқтатады және қайтарып алады ;

10) аудиторлыққа кандидаттарды аттестация жүргізудің тәртібін бекітеді;

11) біліктілік комиссиясы туралы ережені және оның сандық құрамын бекітеді;

12) халықаралық аудиторлық практика жөніндегі комитеттің аудит стандарттарын тарату үшін талаптарды және оған енгізілген өзгерістерді қамтамасыз етеді;

13) белгіленген тәртіппен кәсіби ұйымдардың қызметін тексеруді жүзеге асырады;

14) кәсіби ұйымдарды тексеруді жүзеге асырудың тәртібін анықтайды;

15) Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет мәселелері жөніндегі заңнаманың сақталмау фактілері жағдайында, кәсіби және аудиторлық ұйымдарға ескерту енгізеді ;

16) кәсіби ұйымдар мен аудиторлық ұйымдардың есептілікті беру тізбесін, нысанын және кезеңділігін анықтайды ;

17) аудиторлық қызмет мәселелері бойынша басқа мемлекеттік органдармен, кәсіби ұйымдармен және өзге де ұйымдармен өзара әрекет жасайды";

7) 2-тараудың тақырыпшасында "аудиторлар палатасы" деген сөздер " аудиторлардың аккредиттелген кәсіби ұйымы" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 5 - б а п т а :

1-тармақта "куәлік" деген сөз "біліктілік куәлігін" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Аудитор тек бір аудиторлық ұйымның құрамында аудитті жүзеге асырады.";

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Аудитор тек бір аудиторлық ұйымға қатысушы бола алады.";

9) 6 - б а п т а :

1-тармақта "кез-келген" деген сөз алынып тасталсын;

", өндірістік кооператив пен мемлекеттік кәсіпорынды қоспағанда," деген сөздер " жауапкершілігі шектеулі серіктестігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта "білім беру" деген сөзден кейін "олар" деген сөзбен толықтырылсын;

3-тармақта "екі" деген сөз "үш" деген сөзбен ауыстырылсын;

4 - т а р м а қ т а :

"және (немесе)" деген сөздерден кейін "шетелдік" деген сөзбен толықтырылсын;

"кемінде 51 процент" деген сөздер мен цифр "жүз процент" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

5 - т а р м а қ т а :

"Қазақстан Республикасы аудиторының" деген сөздер "аудитор" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы екінші бөліммен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес, сондай-ақ осы Заңның 13-бабының 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген негіздемелер бойынша үш жыл ішінде лицензияны қайтарып алу туралы шешім шығарылған күннен бастап лицензиясы қайтарылып алынған аудиторлық ұйымға жетекшілік жасайтын аудитор аудиторлық ұйымның басшысы бола алмайды.";

мынадай мазмұндағы 6, 7-тармақтармен толықтырылсын:

"6. Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметті жүзеге асыратын аудиторлық ұйым басқа аудиторлық ұйымның - Қазақстан Республикасы резидентінің қ а т ы с у ш ы с ы б о л а а л м а й д ы .

7. Қазақстан Республикасының аумағында филиал құрған жағдайда, филиал басшысының "аудитор" біліктілік куәлігі болуы міндетті;

10) 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Аудиторлардың тіркелген кәсіби ұйымдары

1. Аудиторлардың тіркелген кәсіби ұйымы (бұдан әрі - кәсіби ұйымдар) осы Заңда көзделген өкілеттіктерді жүзеге асыруға тіркелген және аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарды өзін-өзі реттейтін бірлестік болып табылатын коммерциялық емес ұйым.

2. Кәсіби ұйымдар заңды тұлғалар болып табылады және оның мүшелерінің жалпы

жиналысында қабылданатын жарғы негізінде әрекет етеді.

3. Кәсіби ұйымдардың құрылымы мен жұмыс органдары оның жарғысымен анықталады.

4. Кәсіби ұйымның басшысы төрт жылдан артық емес мерзімге сайланады және екі мерзімнен артық қатарынан қайта сайлана алмайды.

5. Кәсіби ұйымдардың құрылтайшылары мен қатысушылары тек аудиторлар мен аудиторлық ұйымдар болуы мүмкін. Кәсіби ұйымдардың саны "аудитор" біліктілік куәлігі бар аудиторлардың жалпы санының кем дегенде бестен бірін және ол қалыптасқан сәтке дейін үш ай және сол сәтке аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар аудиторлық ұйымдардың кем дегенде бестен бірін құрауы қажет. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдар тек бір кәсіби ұйымның мүшелері болуы мүмкін.

Аудиторлар - кәсіби ұйымдар мүшелерінің сайлауға және оның басқару органына сайлануға құқығы бар.

6. Аудитор немесе аудиторлық ұйым кәсіби ұйымның құрамынан шығарылған жағдайда, мұндай аудиторлық ұйымның немесе аудитордың осы кәсіби ұйымға және де басқа кәсіби ұйымдарға кәсіби ұйым шешімімен белгіленген, бірақ шығарылған күннен бастап үш айдан аспайтын мерзім ішінде қайта кіруге құқығы жоқ.;

11) мынадай мазмұндағы 7-1-баппен толықтырылсын:

"7-1-бап. Кәсіби ұйымдарды аккредиттеу

Осы Заңның мақсаты үшін тіркеу деп уәкілетті орган оларға белгіленген нысан бойынша беретін куәлікпен расталған осы Заңда көзделген кәсіби ұйымдардың өкілеттіктерін уәкілетті органның ресми тануы ұғынылады.;"

12) 8-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Кәсіби ұйымдардың құқықтары мен міндеттері

1. Кәсіби ұйымдар:

1) аудиттің дамуына, оның тиімділігін арттыруға, аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың қызметін ұйымдастыру мен үйлестіруге жағдай жасауға;

2) аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың аудит стандарттарының талаптарын, Этика кодексін сақтауын қамтамасыз етуге;

3) аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың жұмыс тәжірибесіне талдау жасауға оны қорытындылауға, таратуға;

4) мемлекеттік, қоғамдық, шетелдік және халықаралық ұйымдарға аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың мүддесін білдіруге;

5) аудиторлық - қызметі жүзеге асыруға байланысты олардың қатысушылары болып табылатын аудиторлардың, аудиторлық ұйымдардың дауларын қарауға;

6) аудиторлық ұйымдардың рейтингісін өткізуге және оларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға;

7) бухгалтерлік есеп және аудит бойынша халықаралық ұйымдардың жұмысына

қ а т ы с у ғ а ;

8) аудиторлық қызмет жөніндегі оқу әдебиеттерін, әдістемелік ұсынымдарды және әдістемеліктерді әзірлеуге, шығаруға және таратуға;

9) аудиторларда, аудиторлық ұйымдарда және аудиттелетін субъектілерде аудиторлық қызметті жүзеге асыру үстінде туындаған мәселелер бойынша ұсынымдар б е р у ғ е ;

10) аудит стандарттары бойынша ұсынымдар беруге;

11) сапаға жүргізілген сыртқы бақылау қорытындысы бойынша аудит стандарттары мен Этика кодексін бұзған тұлғаларды кәсіби ұйымдардан шығаруға құқылы.

Осы Заңның мақсатында Этика кодексі деп аудиторлардың сақтауына жататын олардың аудиторлық қызметті жүзеге асыру кезінде аудиторлардың кәсіби тәртібінің е р е ж е с і түсіндіріледі. "

2 . К ә с і б и ұ й ы м д а р :

1) аудиторлық қызмет туралы заңдарды, аудит стандарттарын сақтауға;

2) Аккредиттеу алған сәттен бастап үш ай ішінде Біліктілік комиссиясының құрамына өз өкілдерін беруге;

3) уәкілетті орган әзірлеген аудиторлық қызмет мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен өз мүшелерін қамтамасыз етуге;

4) Этика кодексін әзірлеуге және оны қабылдауға;

5) аудиторлық ұйымдардың жұмысына сыртқы бақылауды жүзеге асыруға;

6) аудиторлардың біліктілігін арттырудың оқу бағдарламаларын әзірлеуге және оны б е к і т у ғ е ;

7) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен аудиторлардың біліктілігін арттыру жөнінде курстар өткізуге, курстардан өткені туралы сертификаттар беруге;

8) мүшелер қабылдаған (шыққан, шығарылған), сондай-ақ басқару жұмыс органының дербес құрамы өзгерген жағдайда, осы өзгерістер туралы уәкілетті органға х а б а р л а у ғ а ;

9) аудит стандарттарын және Этика кодексін бұзушылықтар анықталған жағдайларда, Біліктілік комиссиясына "аудитор" біліктілік куәлігінің күшін жою туралы ұ с ы н ы с т а р е н г і з у ғ е ;

10) Аккредитациялау ережесінде белгіленген тәртіппен уәкілетті органға өз қызметі туралы а қ п а р а т б е р у ғ е м і н д е т т і . "

13) мынадай мазмұндағы 8-1-баппен толықтырылсын:

"8-1-бап. Аккредитациялау туралы куәлігінен айыру

1 . К ә с і б и ұ й ы м д а р , е г е р :

1) өз мүшелерінің сапасына сыртқы бақылау міндетті тексеруін жүргізбеген;

2) өз өкілдерін белгіленген мерзім ішінде Біліктілік комиссиясының құрамына б е р м е г е н ;

3) кәсіби ұйымдардың мүшелері он аудиторлық ұйым бір жыл ішінде осындай

кәсіби ұйымдардың тарапынан қолдаухатсыз аудиторлық қызметті жүзеге асыруға
лицензиядан айрылған;

4) соңғы үш жыл ішінде жүйелі түрде (екі рет қатарынан бұзудан артық)
Аккредитациялау ережесін бұзған;

5) уәкілетті органға өзі және өз қызметі туралы қасақана жалған ақпарат берген;

6) уәкілетті орган ескерту енгізген себеп үш ай ішінде жойылмаған жағдайда,
Аккредитациялау туралы куәлігінен айрылады.

2. Кәсіби ұйымдар сот тәртібімен уәкілетті органның шешіміне шағым жасауға
құқылы. "

14) 9, 10, 11, 12 және 13-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. "Аудитор" біліктілігін беруге кандидаттарды
аттестаттау

1. Аттестаттау деп Біліктілік комиссиясының (бұдан әрі - Біліктілік комиссиясы) "
аудитор" біліктілігін оларға беру үшін кандидаттардың біліктілік деңгейін осы
комиссия емтихан өткізу арқылы анықтауы ұғынылады.

2. Аттестаттауға жоғары білімі және соңғы бес жылдың кем дегенде үш жылы
ішінде экономика, қаржы, бақылау-тексеру немесе құқық салаларында немесе жоғары
оқу орындарында бухгалтерлік есеп және аудит бойынша ғылыми-оқытушылық қызмет
саласында жұмыс тәжірибесі бар адамдар жіберіледі.

3. Аттестаттаудан өткен адамдар "аудитор" біліктілігі берілгені туралы біліктілік
куәлігін және біліктілік куәлігінің нөмірі, тегі, өз аты, сондай-ақ өзінің қалауымен -
әкесінің аты көрсетілген аудитордың жеке мөрін (бұдан әрі - жеке мөр) алады.

"Аудитор" біліктілігі берілгені туралы шешім Біліктілік комиссиясы анықтайтын
мерзімде баспа басылымында мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде жарияланады.

4. Аттестаттаудан өтпеген адамдар Біліктілік комиссиясы белгілеген тәртіппен
қайта аттестаттаудан өтуге жіберіледі.

10-бап. Аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттау жөніндегі
біліктілік комиссиясы

1. Біліктілік комиссиясын оның құрылтайшылары болып табылатын кәсіби
ұйымдар құрады және ол туралы Ереженің негізінде әрекет етеді.

2. Біліктілік комиссиясы мекеменің ұйымдастыру-құқықтық нысанында құрылған
коммерциялық емес ұйым болып табылады.

3. Біліктілік комиссиясының құрамы олардың шешімімен басқарманың алқа
органдарын қайтарып алу құқығы бар кәсіби ұйымдардың өкілдерін тең беру арқылы
қалыптастырылады. Біліктілік комиссиясының құрамына уәкілетті органның өкілдері
және уәкілетті органмен келісім бойынша басқа да мүдделі мемлекеттік органдар да
кіре алады.

4. Біліктілік комиссиясының төрағасы болып кәсіби ұйымдардың басқару алқалық

органдарының ұсынысы бойынша төрт жыл мерзімге кезек бойынша аудиторлық қызметпен айналысатын оның мүшелерінің ішінен аудитор сайланады.

5. Біліктілік комиссиясының қызметін қаржыландыруды, материалдық-техникалық қамтамасыз етуді тең көлемде кәсіби ұйымдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңында тыйым салынбаған өзге де көздерден жүзеге асырады.

6. Біліктілік комиссиясы аудиторлардың тізілімін жүргізеді және мемлекеттік органдардың өкілдері комиссиясының кезекті отырысы туралы хабарлайды.

7. Біліктілік комиссиясы шешім қабылданған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органға "аудитор" біліктілігі берілген не "аудитор" біліктілік куәлігінің күші жойылған адамдар туралы ақпаратты беруге міндетті.

11-бап. "Аудитор" біліктілік куәлігінің күшін жою

1. "Аудитор" біліктілік куәлігін біліктілік комиссиясы:

1) д е р б е с :

"аудитор" біліктілігін беруге кандидаттарды аттестаттауға жіберу үшін берілген мәліметтердің дұрыс еместігі анықталған;

сот тәртібімен аудитор әрекетке қабілетсіз деп танылған немесе оның әрекетке қ а б і л е т і ш е к т е л г е н ;

кәсіби ұйымға үш ай ішінде өтпеген;

соттың клиентке қасақана жалған аудиторлық есепті беруін тануы;

аудитпен айналысуға сот тыйым салған жағдайда күшін жояды;

2) кәсіби ұйымның ұсынымы бойынша:

Біліктілік комиссиясы тексеру жүргізу туралы шешім қабылдаған аудитор тексерудің сапалы жүзеге асырылуы үшін барлық қажетті құжаттарды бермеген;

аудит стандарттарының талаптары және Этика кодексі сақталмаған жағдайда;

3) уәкілетті органның ұсынымы бойынша Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңдары бұзылған жағдайда, "аудитор" біліктілік куәлігінің күшін ж о я д ы .

2. "Аудитор" біліктілік куәлігінің күшін жою туралы шешім кәсіби ұйымдарға хабарланады және Біліктілік комиссиясы анықтайтын баспа басылымында мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде жарияланады.

3. "Аудитор" біліктілік куәлігінің күші жойылған адамдар кемінде үш жыл өткенге дейін қайта аттестаттауға жіберілмейді.

4. Аудитор Біліктілік комиссиясының "аудитор" біліктілік куәлігінің күшін жою туралы шешіміне сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

12-бап. Аудиторлық қызметті лицензиялау

Аудиторлық қызметті Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен лицензиялауға жатады.

13-бап. Лицензияның күшін тоқтата тұрудың, қайтарып алудың және тоқтатудың негіздері

1. Лицензияның күшін тоқтата тұру үшін:

- 1) сапаға сыртқы бақылау жүргізу үшін кедергі, жалтару, тиісті шарттарды бермеу немесе белгіленген мерзімдерде сапаны сыртқы бақылаудан өтпеу;
- 2) аудиторлық қызмет бойынша осы Заңның және өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтамау;
- 3) аудиторлық ұйым басшысында біліктілік куәлігін жою;
- 4) кәсіби ұйымнан шығарылуы;
- 5) лицензиаттың жазбаша өтініші негіздеме болып табылады;
- 6) он екі тізбектелген күнтізбелік айдың ішінде қызметін жүзеге асырмау негіздеме болып табылады.

Уәкілетті орган тоқтатыла тұру себебін көрсете отырып, Қазақстан Республикасының заңына сәйкес лицензияның күшін алты айға дейін мерзімге өз бетімен тоқтата тұруға құқылы.

2. Қазақстан Республикасының заң актілерінде көрсетілген, сондай-ақ:

- 1) клиентке қасақана жалған аудиторлық есеп берген;
- 2) осы Заңның және аудиторлық қызмет жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтамаған жағдайларда уәкілетті орган лицензияны қайтарып алуды жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда ғана лицензия өзінің күшін тоқтатады.

4. Лицензия қайтарып алынған немесе күші тоқтатылған жағдайда лицензияны қайтарып алу немесе күшін тоқтату туралы шешім қабылданған күннен бастап аудиторлық ұйым он күнтізбелік күн ішінде уәкілетті органға лицензияны қайтаруға міндетті.

5. Қазақстан Республикасының заң актілеріне, сондай-ақ осы баптың 2-тармағына сәйкес лицензиясы қайтарылып алынған аудиторлық ұйымның лицензия беруге арналған өтініші бір жылдан ерте қаралмайды.

Лицензияның күшін тоқтата тұру және қайтарып алынуы туралы шешімге сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

15) 14 - бапта :

1-тармақтағы "аудиторлар" деген сөз алынып тасталсын;

2 - тармақта :

"аудиторлық" деген сөз "өзінің" деген сөзбен ауыстырылсын;

"тиісті қызметтер көлемі" деген сөздер алынып тасталсын;

"жауапкершілігі" деген сөзден кейін ", сондай-ақ кәсіби ұйымдарға мүшелігі" деген сөздермен толықтырылсын;

3 - тармақта :

"жүргізу" деген сөзден кейін "міндетті" деген сөзбен толықтырылсын;

"аудит" деген сөзден кейін "және ілеспе қызмет" деген сөзбен толықтырылсын;

"қосымша" деген сөз алынып тасталсын;

"Табиғи монополия субъектісінің", "табиғи монополиялар туралы" деген сөздер алынып тасталсын;

16) 15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"15-бап. Аудиторлық есеп

1. Жүргізілген аудиттің нәтижелері бойынша аудиторлық есеп жасалады, ол осы Заңның талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін аудит стандарттарына сәйкес келуі тиіс.

Аудиторлық есеп мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде жасалған Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес аудиттелетін субъектілердің қаржылық есептілігінің және басқа да ақпаратының даярлағанына қатысты аудитор-атқарушының және (немесе) әріптестің және аудиторлық ұйымның тәуелсіз пікірі қамтылған жазбаша ресми құжат болып табылады.

2. Аудиторлық есепке біліктілік куәлігінің нөмірі мен берілген күні көрсетіліп атқарушы-аудитор қол қояды, оны өзінің жеке мөрімен және (немесе) әріптесі куәландырады, аудиторлық ұйымның басшысы бекітеді және аудиторлық ұйымның мөрімен расталады.

Аудиторлық есепте, сондай-ақ аудиторлық ұйым лицензиясының нөмірі мен берілген күні көрсетіледі.

Өзінің жеке мөрін тиісінше емес пайдаланғаны және сақтағаны үшін аудитор Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауап береді.

Осы Заңның мақсатында аудиторлық жобаға басшылық жасайтын және осы жобаға дербес жауап беретін және аудиторлық есепке қол қоятын "аудитор" деген біліктілік куәлігі бар немесе бухгалтерлер мен аудиторлардың шетелдік кәсіби ұйымдарының мүшесі болып табылатын аудиторлық ұйымның қызметкері болып табылады.";

17) мынадай мазмұндағы 15-1 және 15-2-баптармен толықтырылсын:

"15-1-бап. Қасақана жалған аудиторлық есеп

Қасақана жалған аудиторлық есеп - аудит жүргізілмей жасалған немесе аудит нәтижелері бойынша жасалған, бірақ аудитордың немесе аудиторлық ұйымның пікірін қамтыған, аудиттелетін субъектінің қаржылық жағдайын, аудиттелетін субъектінің қызмет нәтижелерін және қаржылық жағдайындағы өзгерістерді толыққанды және шынайы көрсетуде қаржылық есептілікті және басқа да ақпаратты пайдаланушыларды қасақана жаңылысуға әкелетін аудиторлық есеп.

Аудиторлық есепте міндетті мәселелер бойынша аудитордың пікірі болмаған немесе оның іс жүзіндегі деректермен сәйкес болмаған жағдайда мұндай есеп сот шешімі бойынша жарамсыз деп танылады.";

15-2-бап. Бақылау сапасы және оның түрлері

1. Бақылау сапасы аудиторлардың және аудиторлық ұйымдардың аудит стандарттарының талаптарын сақтауына бағытталған.

2. Бақылау сапасының түрлері ішкі және сыртқы бақылау сапасы болып табылады.

Ішкі бақылау сапасы аудитордың немесе аудит стандарттарына сәйкес аудиторлық ұйымның өз бетімен жүзеге асыратын бақылау сапасын өзімен бірге білдіреді.

Өзінің мүшелеріне қатысты кәсіби ұйымдар жүзеге асыратын сыртқы бақылау сапасы оның әзірлеген ережелеріне сәйкес аудиторлық жұмыстарды бақылау сапасының рәсімдерін өзімен бірге білдіреді.

Сыртқы бақылау сапасы үш жылда бір реттен жиі емес жүзеге асырылады.

3. Сыртқы бақылау сапасын жүргізудің ережесі Аккредитациялау ережелеріне сәйкес тиісті кәсіби ұйымдар әзірлейді.

4. Сыртқы бақылау сапасын тек аудитті жүзеге асырушы аудиторлар ғана жүргізе алады.

5. Аудиторлық ұйымдар кәсіби ұйымдардың қорытындыларын сот тәртібімен шағымдануға құқылы."

18) 16-бап алынып тасталсын;

19) 17-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"17-бап. Аудиторлардың құқықтары мен міндеттері

1. Аудиторлар:

1) шарттың талаптарын орындау үшін қажетті аудиттелетін субъектінің бухгалтерлік және өзге де қаржы-шаруашылық қызмет құжаттамаларын алуға және тексеруге;

2) аудиттелетін субъектінің лауазымды тұлғаларынан аудит барысында туындаған мәселелер бойынша ауызша және жазбаша нысандарда түсініктеме алуға;

3) кәсіби ұйымдардың шешімін сот тәртібінде шағымдану құқығы бар.

2. Аудиторлар:

1) аудиторлық қызмет туралы заңдарды, аудит стандарттарын сақтауға;

2) екі жылда бір реттен жиі емес кәсіби ұйымдарда біліктілігін арттыру курстарынан өтуге;

3) бухгалтерлік есеп жүргізу мен қаржылық есептілік жасаудағы ашылған маңызды кемшіліктер туралы ақпаратты аудиттелетін субъектіге ұсынуға;

4) "аудитор" деген біліктілік куәлігін алғаннан кейін үш ай ішінде кәсіби ұйымға кіруге және өзінің кіргені туралы Біліктілік комиссиясына хабарлауға міндетті.";

20) 18-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"18-бап. Аудиторлық ұйымдардың құқықтары мен міндеттері

1. Аудиторлық ұйымдар:

1) аудит жүргізу әдістерін өз бетімен анықтауға;

2) шарттың талаптарын орындау үшін қажетті бухгалтерлік және өзге де қаржы-шаруашылық қызмет құжаттамаларын алуға және тексеруге;

3) осы Заңның 20-бабында көрсетілген тұлғаларды қоспағанда түрлі бейіндегі мамандарды аудит жүргізуге қатысуға шарттық негізде тартуға;

4) аудиттелетін субъект аудит жүргізуге арналған шарттарды бұзған жағдайда аудит жүргізуден не аудиторлық есеп беруден бас тартуға;

5) аудиттелетін тұлғаның қаржы-шаруашылық қызметтеріне байланысты құжаттамаларды толық көлемде тексеруге құқылы.

2. Аудиторлық ұйымдар :

1) аудиторлық қызмет туралы заңдарды, аудит стандарттарын сақтауға;

2) сыртқы бақылау сапасын жүргізу үшін жағдайлар жасауға, сондай-ақ аудиторға қатысты тағайындалған аудиторлық ұйым қызметкерлеріне тексеру кезінде көмек көрсетуге ;

3) мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш ай ішінде бір кәсіби ұйымға кіруге;

4) кәсіби ұйымнан ерікті шыққаннан кейін бір ай ішінде басқа кәсіби ұйымға кіруге;

5) осы Заңның 20-бабында көрсетілген мән-жайлардың салдарынан аудит жүргізудің мүмкін еместігі туралы хабарлауға;

6) бухгалтерлік есеп жүргізу мен қаржылық есептілік жасаудағы ашылған маңызды кемшіліктер туралы ақпаратты аудиттелетін субъектіге ұсынуға;

7) өзі мүшесі болып табылатын кәсіби ұйымды аккредитациялаудан айырылған кезде үш ай ішінде басқа кәсіби ұйымға кіруге;

8) аудиттің нәтижесінде айқындалған қаржылық ұйымдар туралы аудиттелетін субъектілерді хабарландыра отырып қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға хабарлауға, олар үшін аудитті өткізу Қазақстан Республикасы Қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу жөніндегі заңнамасының бұзылуы туралы міндетті болып табылады;

9) Лицензиялау ережесіне сәйкес уәкілетті органға есептілікті, сондай-ақ оларға белгіленген нысан бойынша өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру жөніндегі ақпаратты беруге міндетті.

3. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың қызметтеріне мемлекеттік органдардың, аудиттелетін субъектілердің және кез келген үшінші бір тұлғаның заңсыз араласуына жол берілмейді. " ;

21) 18 - 1 - б а п т а :

1-тармақта "залал" деген сөз "мүліктік зиян" деген сөздермен ауыстырылсын;

22) мынадай мазмұндағы 19-1-баппен толықтырылсын:

"19-1-бап. Аудиторлық құпия

1. Аудиторлық ұйымдар аудиттелетін субъектілермен жасалатын операциялар туралы құпияны сақтауға міндетті.

2. Аудиторлық ұйымдар аудиторлық қызметті жүзеге асыру кезінде олар алған және (немесе) жасаған мәліметтері мен құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті және Қазақстан Республикасының заңнама кесімдерінде көзделген жағдайларды қоспағанда оған қатысты өзінің қызмет бейіні бойынша аудит жүзеге асырылған және

қызмет көрсетілген аудиттелетін субъектінің жазбаша келісімінсіз көрсетілген мәліметтер мен құжаттарды немесе олардың көшірмесін үшінші тұлғаға беруге не жария етуге құқығы жоқ.

3. Аудиторлық құпияны құрайтын мәліметтерге рұқсат алған уәкілетті органдар мен өзге де тұлғалар мұндай мәліметтерге қатысты құпиялылықты сақтауға міндетті.

4. Аудиторлық құпияны құрайтын мәліметтерге рұқсат алған аудиторлық ұйымдар, уәкілетті органдар, сондай-ақ өзге де тұлғалар жария еткен жағдайда аудиттелетін субъект кінәлі тұлғалардан келтірілген залалдың орнын толтыруды сот тәртібімен талап етуге құқылы."

23) 20-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"20-бап. Аудит жүргізу құқығын шектеу

Аудиторлық ұйымдардың:

қатысушылары, кредиторлары осы аудиторлық ұйым немесе оның қызметкерлері болып табылса;

азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартын жасасқан ұйымдарға; осы Заңның 2-бабы 3-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген өзінің қызмет бейіні бойынша қызметтер көрсеткен ұйымдарға;

орындаушылары еңбек қатынасында тұрған немесе аудиттелетін субъект лауазымды тұлғаларының, сондай-ақ аудиттелетін субъектінің он және одан жоғары пайыз акцияларын (жарғылық капитал үлесін) иеленген акционерлердің (қатысушының) жақын туыстары (ата-аналары, жұбайлары, балалары, аға-інілері және апа-сіңлілері) немесе жекжаттары (ерлі-зайыптылардың аға-інілері, апа-сіңлілері, ата-аналары және балалары) болып табылатын аудиторларға;

егер аудит жүргізу жөніндегі міндеттемелерді қоспағанда аудиттелетін субъектінің алдында немесе аудиторлық ұйым алдында аудиттелетін субъектінің қаржылай міндеттемелері бар болса аудит жүргізуіне тыйым салынады.

24) 21-бапта:

"аудитордан немесе" деген сөздер алынып тасталсын; екінші абзацтағы "егжей-тегжейлі" деген сөздер "қажетті" деген сөзбен ауыстырылсын;

төртінші абзацта:

"ұсыныстар" деген сөз алынып тасталсын;

"қаржылық есептіліктің" деген сөзден кейін ", басқа да ақпараттың" деген сөздермен толықтырылсын;

25) 22-баптың 1-тармағында:

1) тармақшадағы "жағдай жасауға" деген сөздердің алдынан "шартты сақтау мақсатында" деген сөздер жазылсын;

"аудитордың немесе" деген сөздер баптың барлық мәтіні бойынша алынып тасталсын;

2 6) 2 3 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

"құжаттар" деген сөз "қаржылық есептіліктер" деген сөздермен ауыстырылсын;

"аудиторға немесе" деген сөздер алынып тасталсын;

2-тармақта "оны жүргізуге кедергі жасайтын" деген сөздерден кейін "не оны жүргізуге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес толық қамтамасыз етпейтін" деген сөздермен толықтырылсын.

13. "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 5-6, 49-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; N 21, 770-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; N 24, 178-құжат; 2004 ж., N 5, 30-құжат):

1) 46-баптың 4-тармағының екінші және үшінші абзацтарындағы "қорытындыларын" деген сөз "қорытындысын" деген сөзбен ауыстырылсын;

"аудитордың" деген сөз "аудиторлық ұйымдар есебінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 58-баптың 5-тармағында "аудитордың қорытындысы" деген сөздер "аудиторлық есеп" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 5 9 - б а п т а :

1-тармақта "байланысы жоқ кәсіби аудиторды" деген сөздер "байланысты емес аудиторлық ұйымды" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта "немесе өзге де" деген сөздер алынып тасталсын.

14. "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 16, 214-құжат; 1999 ж., N 19, 646-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 23, 309-құжат; 2002 ж., N 23-24, 193-құжат; 2004 ж., N 14, 82-құжат; N 23, 142-құжат):

7 - б а п т ы ң 7) т а р м а қ ш а с ы н д а :

"(аудиторлардың)" деген сөз алынып тасталсын;

"Тексеру нәтижелері", "тексеру нәтижелері" деген сөздер тиісінше "Аудиторлық есеп", "аудиторлық есепте" деген сөздермен ауыстырылсын.

15. "Қазақстан Республикасындағы селолық тұтыну кооперациясы туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 21 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 21, 770-құжат):

1) 41-баптың 6-тармағындағы "аудитордың қорытындысы" деген сөздер "аудиторлық есеп" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 4 3 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

"жылдық" деген сөзден кейін "қаржылық" деген сөзбен толықтырылсын;
"байланысты емес кәсіби аудиторды" деген сөздер "байланысты емес аудиторлық

ұйымды" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта "және өзге де" деген сөздер алынып тасталсын.

16. "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы N 126 Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 22, 406-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; N 12, 56-құжат; N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 11 - 12, 66 - құжат) :

1) барлық мәтін бойынша "уәкілетті аудитор", "және уәкілетті аудитор", "уәкілетті аудиторлық ұйым (уәкілетті аудитор)", "аудиторлық ұйым (аудитор)", "уәкілетті аудитор", "уәкілетті аудитор", "(аудиторы)", "уәкілетті аудитор", "уәкілетті аудитор", "уәкілетті аудитор", "аудитор" деген сөздер тиісінше "аудиторлық ұйымының", "аудиторлық ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын.

2) 3 - б а п т а :

оныншы абзацтағы "және уәкілетті аудитор" деген сөздер алынып тасталсын;

он тоғызыншы абзац алынып тасталсын;

3) 14-баптың 1) және 2)-тармақшаларындағы "немесе уәкілетті аудитордың" деген сөздер алынып тасталсын;

4) 16-баптың 3-тармағындағы "уәкілетті аудитор куәландырған" деген сөздер "аудиторлық ұйым куәландырған аудиторлық есепті" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 20 - б а п т а :

1-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аудитін Қазақстан Республикасының Аудиторлық қызмет туралы заңына сәйкес аудит жүргізуге құқылы аудиторлық ұйымдар жүргізеді.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық есептілігі мен басқа да ақпаратын тексеру туралы аудиторлық есебі коммерциялық құпия болмайды. Басқа да ақпараттың аудиті бухгалтерлік есепте сақтандыру резервтерінің көрсетілуінің, осы Заңның 46-бабында көрсетілген пруденциалдық нормативтер мен өзге де сақталуға міндетті нормалар мен лимиттердің орындалуының, мәмілелер жасауға арналған шектеулердің сақталуының дұрыстығын тексеруді қамтиды.

Ілеспе қызметтер жүргізуге арналған шарт уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес келуі тиіс."

3 - т а р м а қ т а :

"міндетті" деген сөз "міндетті болады" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қорытындының" деген сөз "аудиторлық есептің" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 - т а р м а қ т а :

"міндетті" деген сөз "міндетті болады" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қызметіне" деген сөз алынып тасталсын;

6) 24-баптың 2-тармағындағы "қорытынды" деген сөз "аудиторлық есеп" деген сөздермен ауыстырылсын;

ұйым", "аудиторлық ұйымдар" деген сөздермен ауыстырылсын;
2) 17-баптың 2-тармағында "аудиторлар палатасы" деген сөздер "кәсіби аудиторлық ұйымдар" деген сөздермен ауыстырылсын;
3) 35-баптың 2-тармағындағы екінші сөйлемде "тәуелсіз аудитор" деген сөздер "аудиторлық ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

20. "Қазақстанның Даму Банкі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 25 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 9, 85-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; N 12, 83-құжат; N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 15, 85-құжат; N 23, 142-құжат):

21-баптың 1 және 2-тармақтарындағы "(аудитормен)" деген сөздер алынып тасталсын.

21. "Кредиттік серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 28 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 5, 32-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

27-баптың 4-тармағы алынып тасталсын.

22. "Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 15, 132-құжат; 2004 ж., N 16, 91-құжат):

1) 9-баптың 1-тармағының 3) тармақшасындағы ", қаржылық ұйымдардың аудитін" деген сөздер алынып тасталсын;

2) 10-баптың 7) тармақшасындағы "және банктерге аудит жүргізуге лицензиясы бар аудиторлық ұйымдардың" деген сөздер алынып тасталсын;

3) 11-баптың 9) тармақшасындағы "және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына аудит жүргізуге лицензиясы бар аудиторлық ұйымдардың" деген сөздер алынып тасталсын.

23. "Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 24, 179-құжат):

1) атауында және барлық мәтін бойынша "аудиторлар", "аудиторларды және", "аудитор және", "аудитор немесе", "жеке кәсіпкер ретінде аудиторлық қызметті жүзеге асыратын аудиторлар және", "жеке кәсіпкер болып табылатын аудитормен жасасқан", "аудиторларға және" деген сөздер алынып тасталсын;

2) 5-баптың 2-тармағында "оларды" деген сөз "оны" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 15-баптың 1) тармақшасы алынып тасталсын.

2 - б а п . Ө т п е л і е р е ж е л е р

1. Осы Заң оның ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

2. Жеке кәсіпкер болып табылатын аудиторлар осы Заң күшіне енген күнінен бастап

бір жыл бойы аудиторлық қызметті жүзеге асыра алады.

3. Қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган берген лицензияны қоспағанда уәкілетті орган берген аудиторлық ұйымдардың лицензиялары және осы Заң күшіне енгенге дейін берілген "аудитор" деген біліктілік куәлігі жарамды.

4. Осы Заңның 1-бабының 12-тармағының 10), 13) тармақшалары мен 14) тармақшасының тоғызыншы абзацы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК